

Жұмыс тобының ақша нарығының индикаторлары бойынша

XV отырысының хаттамасы (MMWG)

2024 жылғы 11 қыркүйек

2024 жылғы 11 қыркүйекте Алматы қаласында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (ҚРҰБ), Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің (ҚНРДА), Еуропалық қайта құру және даму банкінің (ЕҚДБ), "Қазақстан қор биржасы" АҚ (ҚББ), екінші деңгейдегі банктер (ЕДБ) өкілдерінің, сондай-ақ ақша нарығының басқа да қатысушыларының қатысуымен ақша нарығының индикаторлары бойынша жұмыс тобының (бұдан әрі – Жұмыс тобы) XIV отырысы өтті.

Күн тәртібіне сәйкес отырыс барысында мынадай мәселелер талқыланды.

I. Ақша нарығындағы ахуал

1. 2024 жылғы 1 шілдеден бастап депозиттік аукциондарды өткізу жиілігіне жоспарланған өзгерістер кейінге қалдырылды.

2. ЕДБ өтімділікті тиімдірек басқару үшін депозиттік аукциондар бойынша есеп айырысу форматын T+2-ден T+0-ге өзгерту туралы ұсыныс жасады. ҚРҰБ бұл ұсынысқа қолдау көрсетілетінін, T+0 форматына тезірек көшу үшін шаралар қабылданатынын хабарлады.

3. ЕДБ депозиттік аукциондарды өткізу уақытын кейінге ауыстыру туралы мәселені қарастыру туралы ұсыныс жасады. ҚРҰБ бұл мәселе халықаралық тәжірибеге талдау жүргізуді талап ететінін және ҚРҰБ қарайтынын хабарлады.

4. ҚРҰБ таргеттелетін дәліз шегінде TONIA-ны қолдауда ЕДБ рөлінің маңыздылығын атап өтті. ҚРҰБ осы мақсатта бірқатар шаралар қабылданғанын, оның ішінде "KASE клирингтік орталығы" АҚ тарапынан кідірістер себебінен ҚРҰБ-қа ақшаны кеш жеткізу кезінде айыппұлдарды қолданбау кепілдіктері бар хат жіберілгенін, сондай-ақ хатта ЕДБ қаражатын ҚРҰБ депозиттеріне орналастыру кезінде операциялық процестерді жеңілдетуге бағытталған ұсынымдар берілгенін хабарлады.

5. ЕДБ ҚРҰБ-тың назарын аудиторлық тексерулерге байланысты мәселеге аударды. Аудиторлар таргеттелетін дәліз шегінде TONIA мөлшерлемесін ұстап тұру үшін жүзеге асырылатын репо мәмілелері арқылы өтімділікті тарту жөніндегі ЕДБ операцияларын өтімділік проблемаларының белгісі ретінде қарастырады. ҚРҰБ бұл мәселе аудиторлық компаниялардың түсініспеушіліктерін жою және осы операцияларды дұрыс түсіну мақсатында мұқият пысықталатынын хабарлады.

II. Жергілікті нарыққа арналған ISDA үлгі шарты

1. ҚРҰБ нарық қатысушыларымен шартты әзірлеу бойынша мәртебесімен бөлісті, сондай-ақ жобаны енгізудің болжамды мерзімдерін атап өтті.

2. ЕДБ пайыздық своптар бойынша мәмілелерді іске асыру бөлігінде жергілікті нарықты одан әрі дамыту үшін ISDA үлгі шартының маңыздылығын атап өтті.

III. Бастапқы дилерлер институтын енгізу

1. ҚРҰБ Қаржы министрлігімен бастапқы дилерлер институтын енгізу бойынша бірлескен жұмыс туралы хабарлады. ҚРҰБ осы жоба шеңберіндегі алдағы өзгерістер туралы нарықты хабардар етті, бастапқы дилерлерге жүктелетін негізгі

міндеттемелерді белгіледі, сондай-ақ қайталама нарықтың дамуына күтілетін оң әсерін атап өтті.

IV. ЕДБ-де қолма-қол АҚШ долларының талап етілмеген қалдықтарының болуы.

1. ЕДБ қолма-қол АҚШ долларының талап етілмеген қалдықтарын сыртқа шығара алмау мәселесін айтты.

2. ҚРҰБ ЕДБ қажеттіліктерін талдайтынын және жинақталған талап етілмеген қолма-қол АҚШ долларын шетелге сыртқа шығару мүмкіндігін қарастыратынын хабарлады.

V. ЕДБ өтімділігін басқару

1. ЕДБ жекелеген кезеңдерде депозиттік аукциондардың орнына айыппұл мөлшерлемесін ұсынатын овернайт депозиттерге артықшылық беретіндіктен ҚРҰБ ЕДБ-дан өтімділікті басқарудағы негізгі мәселелермен бөлісуді сұрады.

2. ЕДБ ірі клиенттердің өтінім берген күні сағат 17:00-ге дейін қомақты қаражат алу мүмкіндігіне ие болуына байланысты өтімділікті болжаудағы қиындықтарға назар аударды. Мұндай болжау мүмкін емес жағдай банктердің өтімділігін басқаруға үлкен қиындықтар туғызады. Қазіргі уақытта Банктер туралы заңның қайта қаралуына байланысты ЕДБ өкілдері ҚНРДА мен ҚРҰБ қаражатты сыртқа шығару рәсіміне неғұрлым қатаң реттеуші талаптарды енгізу мүмкіндігін қарастыруды ұсынды. Сонымен қатар, ЕДБ банк жүйесіндегі өтімділікті басқарудың болжамдылығы мен тұрақтылығын арттыру үшін мерзімді депозиттердің шарттарын қайта қарауды ұсынды.

VI. Валюта нарығында роботтық жүйелерді қолдану

1. ЕДБ кейбір нарық қатысушыларының валюта нарығында роботтарды қолдануына алаңдаушылық білдірді. Негізгі мәселе белгілі бір алгоритмдер мәміле жасамай-ақ курстың мәнін тез өзгерте алады.

2. ҚРҰБ Қазақстандық қор биржасымен бірлесіп валюта нарығында роботтарды пайдалану мәселесін пысықтайтынын атап өтті.